



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

БҰЙРЫҚ № 51/11

ПРИКАЗ

« 02 » қыркүйек 2024 ж

**2024/2025 оқу жылына арналған тамақтану
сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі
комиссиясының (бракераж комиссиясын)
жұмысын ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығы және «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығы 2024-2025 оқу жылы балаларды (мектеп білім алушыларының, мектеп жанындағы интернат және шағын орталық тәрбиеленушілерінің) тамақтандыру сапасын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024/2025 оқу жылына арналған тамақтану сапасына мониторинг жүргізу бойынша келесі құрамдағы (құрамы 7 (жеті) адамнан тұратын) бракераж комиссиясының жұмысын ұйымдастыруды:

1. Әлимағанбетова А.М –комиссия төрағасы, мектеп директоры;
2. Байбарақова Ү.Б- комиссия мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 3.Сарсенбаева А.С– хатшы , әлеуметтік педагог;
- 4.Тлеужанова Г.К – комиссия мүшесі , медбике;
- 5.Бурибаев Н.Б– комиссия мүшесі, ата-аналар комитетінің төрағасы;

6. Текебаева А.Ә – комиссия мүшесі, директордың әкімшілік-шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;

7. Бижанов А – комиссия мүшесі, Қамқоршылық кеңес төрағасы..

- комиссияның бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес оқушыларды тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізсін;
- тоқсанына бір рет интернет-ресурсқа комиссияның жұмыс қорытындылары туралы ақпаратты орналастырсын.

2. «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы 320 қаулысының (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 ж. 25.04. №326 қаулысымен өзгеріс пен толықтырулар енгізілген) 15-қосымшасына сәйкес бір мәрте тамақтандыру нормаларының сақталуы мен берілуін қадағалау бракераж комиссиясына жүктелсін.

3. Білім алушылардың тегін ыстық тамақпен, мектеп жанындағы интернат, шағын орталық тәрбиеленушілерінің тамақтануын сапалы ұйымдастырылуы жөніндегі туындаған мәселелер, комиссия жұмысының қорытындылары айына бір рет директор жанындағы кеңесте тыңдалсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуына басшылық пен бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:




А.Әлимағанбетова

копирне дұрыс Бауыр